BU
BAITURSYNULY
UNIVERSITY

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
КЕАҚ «АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ ӨҢІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ»
ӨМІРЗАҚ СҰЛТАНҒАЗИН АТЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

# АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

## «ҚАЗІРГІ ӘЛЕУМЕТТІК МӘДЕНИ ЖӘНЕ ГЕОСАЯСИ НАҚТЫЛЫҚТАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ТӘРБИЕНІҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ

I КІТАП



# АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## «ЦЕННОСТИ КАК КОНЦЕПТУАЛЬНАЯ ОСНОВА ВОСПИТАНИЯ В СОВРЕМЕННЫХ СОЦИОКУЛЬТУРНЫХ И ГЕОПОЛИТИЧЕСКИХ РЕАЛИЯХ»

МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ

I КНИГА

Қостанай қ., 2025 ж.
г. Костанай, 2025 г.

УДК 37.02
ББК 74.00
Қ 22

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ / РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

**Куанышбаев Сеитбек Бекенович**, география ғылымдарының докторы, доцент, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, Қазақстан; **Наурызбаева Эльмира Кенжеғалиқызы**, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің академиялық мәселелер жөніндегі проректоры; **Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры; **Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының докторы, доцент, Ресейлік Мәскеу облысындағы Мемлекеттік жоғары білім беру ұйымы «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректоры, педагогика кафедрасының меңгерушісі, Ресей; **Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, Ресей Сыртқы істер министрлігінің Мәскеу мемлекеттік Халықаралық қатынастар институтының (университет) профессоры; **Есіркепова Кенжегүл Қабылғазықызы,** филология ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті Ө.Сұлтанғазин атындағы педагогикалық институтының директоры; **Ибраева Айман Елемановна**, Қостанай облысы әкімдігінің Білім басқару басшысы; **Калимжанова Роза Лаиковна,** PhD докторы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанайөңірлік университетінің педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының меңгерушісі; **Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының қауымдасты- рылған профессоры; **Смаглий Татьяна Ивановна**, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының қауымдастырылған профессоры; **Жетписбаева Айсылу Айратовна**, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы. Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

**Қ 22** Қазіргі әлеуметтік мәдени және геосаяси нақтылықтағы құндылықтар - тәрбиенің тұжырымдамалық негізі: Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары: I Кітап, 27 ақпандағы 2025 жылдың – Қостанай: Ахамет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2025 .– 1916 б. = Ценности как концептуальная основа воспитания в современных социокультурных и геополитических реалиях: Материалы международной научно-практической конференции: I книга, 27 февраля 2025 года. – Костанай: Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, 2025.–1916 с.

**ISBN 978-601-356-498-2**

Жинақта Алтынсарин оқуларының «Қазіргі әлеуметтік мәдени және геосаяси нақтылықтағы құндылықтар – тәрбиенің тұжырымдамалық негізі» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары жарияланған. Бұл Қазақстандық білім беру жүйесіндегі балалар мен жастарды тәрбиелеудің құндылық-тарытуралы зерттеулер, еліміздің ұлттық біртұтас тәрбие бағдарламаны жүзеге асыфру жолдары, жас ұрпақты тәрбиелеуде халықаралық және отандық тәрбие мәселелрі ескеру жолдары, мектеп пен отбасының қоғамдық тәрбие күштерін біріктіру туралы пікірлері, зерттеу ұсынылымдары туралы мақалалар жинақталған.

Жинақта білім беруде ұлттық тәлім-тәрбие құндылықтарны еңгізудің өзекті мәселелері, озат тәжірибелер, біртұтас тәрбиенің бағыт-бағдарымен тенденцияларын айқындалып, сондай-ақ қолжетімділікпен инклюзивтілікті қамтамасыз ету, барлық деңгейлердегі мазмұнның құндылық аспектісін өзектендіру, білім беру ұйымдарында ашықтық пен ынтымақтастық ахуалын құру, білім беруді дамыту мен психологиялық-педагогикалық қолдаудың инновациялық форматтарымен тиімді тәжірибелерін енгізу, педагогикалық ғылым мен практиканы интеграциялау қарастырылған.

Конференция материалдары қазіргі білім беру контекстіндегі Ы. Алтынсариннің педагогикалық мұрасының өзектілігін, оқытудың гуманистік теориясының ғылыми негіздерін, қазіргі педагогикалық білім берудегі ғылым мен практиканың өзара байланысы мәселесін шешу жолдарын, интегративті жүйе ретіндегі кәсіпке дейінгі педагогикалық білім берудің маңыздылығын, цифрлық ресурстарды пайдалана отырып, педагогтардың тәрбие мәселелерін өз қызметтерінде шешу жолдары айқындалған.

Бұл жинақтың материалдарын ғалымдар, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілер, педагог-психологтар, магистранттар мен студенттер пайдалана алады.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Ценности как концептуальная основа воспитания в современных социокультурных и геополитических реалиях», определяющие общие направленияи тенденции внедрения национальной программы «Біртұтас тәрбие», такие, как ценностные аспекты воспитания подрастающего поколения, анализ возможностей и лучших практик по внедрению единой программы воспитания, поддержка взаимодействия школ и семьи в воспитании ценностных ориентиров детей и молодежи, изучение путей создания безопасной и поддерживающей образовательной среды в организациях образования.

Материалы Конференции посвящены обсуждению актуальности педагогического наследия Ы. Алтынсарина в контексте современных ориентиров ценностных смыслов воспитания, научных основ аксиологических аспектов обучения и воспитания, а также вопросы готовности педагогов к современным вызовам в отчествоенном образовании, педагогической готовности педагогов к инновационной деятельности с использованием цифровых ресурсов. Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-498-2
9 786013 564982

**УДК 37.02**
**ББК 74.00**

**© Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2025**
**© Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, 2025**

достижения ребенка, но и способствует его личностному развитию, социальным и моральным ценностям. Постоянное общение, обмен мнениями и совместные мероприятия между родителями и учителями помогают детям в социализации, повышают самооценку и уверенность. Когда ребенок получает одинаковую поддержку от семьи и школы, он может преодолеть трудности и развиваться всесторонне. Тесное и плодотворное сотрудничество семьи и школы – это залог успешности обучающихся, так как происходит объединение усилий детей, родителей и педагогов в стремлении достижения оптимальных результатов, что делает школу привлекательной для родителей и детей, стимулирует творческую деятельность педагогов. Содержательная, нестандартная и актуальная по значимости работа совершает переворот в сознании мам и пап, раскрывает в них огромный воспитательный потенциал и желание помочь своему ребенку стать счастливее и успешнее.

**Список литературы:**

1. Программа «Біртұтас тәрбие» в соответствии с приказом Министра просвещения Республики Казахстан от 30 июля 2024 года №194.–URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/bilim–semey/documents/details/744796?lang=ru
2. Оксман М.И. Теория и практика взаимодействия школы и семьи: учебное пособие. – Екатеринбург: УрФУ, 2019.– 184 с.
3. Новиков В.А. Взаимодействие школы и семьи: учебное пособие. – Санкт–Петербург: Питер, 2020.– 116 с.

ӘОЖ 37.04

## БІРТҰТАС ТӘРБИЕ –ЖАҢА ҚАДАМ, МҮМКІНДІКТЕР МЕН ЖЕТІСТІКТЕР

**АлгалиеваГулжанатСултанкызы**
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог–сарапшы
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасы
«Боровской облыстық санаторлық мектеп–интернаты» КММ

***Аңдатпа***

*Мақалада қазақ тілін оқыту арқылы біртұтас тәрбие жүйесінің негіздері мен маңызы қарастырылады. Автор қазақ тілі пәнінің тәрбиелік мүмкіндіктерін, оның оқушылардың тілдік қабілеттері мен адамгершілік қасиеттерін дамытудағы рөлін сипаттайды. Сонымен қатар, қазақ тілі арқылы ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді үйретудің маңыздылығы, жаңа педагогикалық әдістер мен инновациялық технологияларды қолдану арқылы білім мен тәрбие арасындағы байланысты нығайту мүмкіндіктері талданады.*

***Түйінді сөздер:****Қазақ тілі, біртұтас тәрбие, тілдік қабілеттер.*

***Аннотация***

*В статье рассматриваются основы и значение Единой воспитательной системы через обучение казахскому языку. Автор описывает воспитательные возможности предмета казахский язык, его роль в развитии языковых способностей и нравственных качеств учащихся. Кроме того, анализируется важность преподавания национальной культуры и традиций через казахский язык, возможности укрепления связей между образованием и воспитанием с использованием новых педагогических методов и инновационных технологий.*

***Ключевые слова:*** *казахский язык, единое воспитание, языковые способности.*

***Abstract***

*The article discusses the basics and importance of a unified system of education through the study of the Kazakh language. The author describes the educational possibilities of the subject of the Kazakh language, its role in the development of language abilities and moral qualities of students. In addition, the*

*importance of teaching national culture and traditions through the Kazakh language, the possibilities of strengthening the relationship between education and upbringing through the use of new pedagogical methods and innovative technologies are analyzed.*

***Key words:*** *Kazakh language, unified education, language skills*

Біртұтас тәрбие – баланың барлық даму аспектілерін қамтитын, оның жеке тұлға ретінде қалыптасуына бағытталған тәрбиелік жүйе. Мақсаты: рухани–адамгершілік қасиеттерді, азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді, парасаттылық пен адалдықты дамыту арқылы Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде білім алушының үйлесімді дамыған тұлғасын қалыптастыру.Бұл тәрбие жүйесінде білім мен тәрбие үнемі үйлесімде болады, яғни баланың ақыл–ой, моральдық және әлеуметтік дамуы қатар жүргізіледі. Біртұтас тәрбие баланың рухани және физикалық дамуын қамтамасыз етіп, оның саналы азамат болып қалыптасуына ықпал етеді. Бұл жүйеде оқушының интеллектуалдық және эмоциялық дамуы бір–бірімен тығыз байланысты болады.

Қазақ тілі пәні – мектептегі білім беру жүйесінде маңызды орын алатын пәндердің бірі. Ол оқушыларға тек тілдің грамматикалық құрылымдарын меңгертіп қана қоймай, сонымен қатар ұлттық мәдениет, тарих және дәстүрлер туралы білім береді. Қазақ тілі пәні арқылы балалардың сөздік қорын дамыту, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру жүзеге асады. Сонымен қатар, бұл пән оқушыларға адамгершілік, ұлттық құндылықтарды меңгеруге және қоғамда өз орнын табуға көмектеседі. Қазақ тілі пәні арқылы балалардың жеке тұлғалық дамуына қажетті дағдылар мен қасиеттер қалыптасады.

Қазақ тілі пәні – тек тілдік дағдыларды меңгеруге ғана емес, сонымен қатар оқушыларға адамгершілік, моральдық және әлеуметтік құндылықтарды қалып–тастыруға бағытталған маңызды құрал. Біртұтас тәрбие беруде тіл мен тәрбие бір–бірін толықтырып, бір мақсатқа бағытталады: ол – баланың жан–жақты, үйлесімді дамуы. Қазақ тілі арқылы балаларға ұлттық мәдениетті, салт–дәстүрлерді, тарихты үйрету арқылы олардың ұлттық құндылықтарға деген құрметі мен сүйіспеншілігі қалыптасады. Сонымен қатар, тіл үйрену барысында оқушылардың коммуникативтік дағдылары дамып, тұлғалық қасиеттері шыңдалады. Бұл процессте қазақ тіліндегі әдеби шығармалар, мәтіндер, өлеңдер, мақал–мәтелдер, аңыз–әңгімелер оқушы–ларды жоғары моральдық деңгейге жетелейді. [1 ]Білім мен тәрбие арасында тығыз байланыс бар, өйткені білім – тәрбие процесінің маңызды құрамдас бөлігі, ал тәрбие – білімнің шынайы өмірде қолданылуы мен жүзеге асырылуы. Қазақ тілі пәні осы байланысты тиімді жүзеге асырады, себебі оқушылар тек тілдік біліммен ғана шектеліп қоймай, сонымен бірге адамгершілік, әлеуметтік, мәдени және ұлттық құндылықтарды да меңгереді. Мысалы, тілдік құралдарды дұрыс пайдалану, әдепті сөйлеу, басқа адамдарды құрметтеу – осының бәрі тәрбие арқылы жүзеге асады. Қазақ тілінің сабақтарында балалардың сөздік қорын дамыту, пікірталасқа қатыстыру, тыңдау дағдыларын қалыптастыру арқылы оларды өз ойларын дұрыс жеткізуге, басқалардың пікірін құрметтеуге, ынтымақтастықта жұмыс істеуге үйретуге болады. Бұл барлық әлеуметтік өмірде қажетті дағдылар болып табылады.Қазақ тілі пәні моральдық және әлеуметтік құндылықтарды дамытуда маңызды рөл атқарады. Бұл пән балаларды ұлттық мұрамен таныстырып қана қоймай, олардың өмірлік маңызды құндылықтар жүйесін қалыптастырады. Мысалы, қазақ тіліндегі мақал–мәтелдер мен аңыздар адамгершілік құндылықтарды, достықты, еңбекқорлықты, адалдықты, шыншылдықты және басқаларды құрметтеуді насихаттайды. Әдеби шығармаларды оқи отырып, балалар қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік қатынастарды, моральдық таңдау мен жауапкершілікті түсінеді. Қазақ тіліндегі шығармашылық тапсырмалар, әдеби шығармалар мен өлеңдер арқылы оқушыларға ұлттық тұлғалардың адамгершілік ұстанымдары мен әлеуметтік жауапкершіліктері туралы

түсінік беріледі. Бұл, өз кезегінде, олардың қоғамдағы орны мен міндеттерін дұрыс түсініп, әлеуметке бейім болуына ықпал етеді.

Қазақ тілі пәні арқылы балалардың әлеуметтік қатынастарды түсінуі, өз–өзін бағалауы және басқаларға деген сыйластық сезімі қалыптасады. Әсіресе, тіл арқылы түрлі әлеуметтік тақырыптарды талқылау балалардың қазіргі заманғы мәселелер мен құндылықтар туралы өз пікірін білдіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қазақ тілінде тәрбие берудің маңызды аспектісі – бұл ұлттық тәрбие мен салт–дәстүрлерді жаңғырту мен сақтау, оларды болашақ ұрпаққа дұрыс жеткізу. [2]

Қазақ тілі пәнінде әңгімелесу және мәтін талдау әдістері оқушылардың тілдік қабілеттерін дамыту үшін өте тиімді. Әңгімелесу арқылы балалар өз ойларын еркін жеткізуге, пікірталасқа қатысуға, басқалардың ойымен санасуға үйренеді. Бұл әдіс балалардың коммуникативтік дағдыларын арттырып, олардың тілдік қорын байытады. Сонымен қатар, мәтін талдау барысында оқушылар нақты өмірлік жағдайларды, этикалық мәселелерді және моральдық құндылықтарды талқылайды, бұл олардың адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мысалы, әдеби мәтіндерде кездесетін кейіпкерлердің мінез–құлқы мен әрекеттерін талдай отырып, оқушылар адалдық, құрмет, жауапкершілік сияқты қасиеттерді түсініп, оларды өз өмірінде қолдануға үйренеді. Әрбір талқылау сабақтары оқушылардың өздерін дұрыс мінез–құлық пен шешім қабылдауға үйретеді.

Қазақ тілі пәні ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді үйретуде маңызды рөл атқарады. Тіл – бұл мәдениеттің басты құралы, ол арқылы халықтың тарихы, дәстүрлері, өмір салты мен дүниетанымы сақталып, ұрпақтан–ұрпаққа беріледі. Қазақ тілі арқылы оқушыларға ұлттық мұралар мен мәдени құндылықтарды үйрету, олардың ұлттық идентификациясын қалыптастыру үшін үлкен мүмкіндік береді. Мысалы, қазақтың дәстүрлі тұрмыс–салты, ойын–сауықтары, мейрамдары мен тіпті ұлттық тағамдар туралы әңгімелер мен мәтіндер оқып, оқушылардың ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын оятып, оларды сыйлау мен құрметтеу сезімін қалыптастырамыз. Әрбір сабақта ұлттық құндылықтарды тіл арқылы балалардың санасына сіңдіру, олардың ұлттық мәдениетті ұғынып, оны өмірде қолдануға мүмкіндік береді. [3] Қазақ тілі пәнінде шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамыту – білім берудің басты бағыттарының бірі. Оқушыларға түрлі тапсырмалар беру арқылы олардың ойлау дағдыларын жетілдіруге болады. Шығармашылық тапсырмалар (қысқа әңгімелер жазу, өлең шығару, ертегі құрастыру) арқылы балалар өз ойларын еркін жеткізіп, жеке көзқарастарын білдіруге мүмкіндік алады. Сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту үшін, оқушыларды мәселе бойынша талқылауға, өз пікірін дәлелдеуге, түрлі көзқарастарды салыстыруға үйрету керек. Мысалы, мәтіндер немесе әдеби шығармаларды талдай отырып, оқушылардың логикалық ойлау қабілеттері шыңдалып, өз ойларын нақты әрі түсінікті жеткізуге дағдыланады. Олардың сын тұрғысынан ойлау қабілеті әсіресе өмірдің түрлі салаларында қолданылатын шешімдер мен әрекеттерді дұрыс таңдау кезінде пайдалы болады.

Осы әдістер арқылы қазақ тілі пәні оқушыларды тек тіл үйретумен шектелмей, олардың шығармашылық әлеуетін, сын тұрғысынан ойлау дағдыларын, ұлттық құндылықтарға деген құрметін, адамгершілік қасиеттерін дамытуға ықпал етеді. Тілді қолдану, оны дұрыс меңгеру – бұл тек білім беру ғана емес, сонымен қатар баланың тұлғалық дамуына бағытталған маңызды тәрбиелік процесс.

Қазақ тілін оқытуда инновациялық әдістер мен заманауи құралдарды қолдану – білім беру процесін жақсартудың, оқушылардың тілге деген қызығушылығын арттырудың тиімді жолы. Бұл әдістер оқушылардың тілдік дағдыларын дамытумен қатар, олардың ақпараттық технологияларды пайдалану қабілетін де жетілдіреді. Мысалы, мультимедиялық құралдар, электронды оқулықтар, интерактивті тақталар

мен компьютерлік бағдарламалар арқылы қазақ тілін үйрету процесі жеңіл әрі қызықты болады. Виртуалды платформалар мен онлайн ресурстар, мысалы, мобильді қосымшалар мен веб–сайттар, оқушыларға тілдік тапсырмаларды өз бетінше орындауға мүмкіндік беріп, оларды шығармашылық тұрғыдан дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, видеоматериалдар, аудио жазбалар мен анимациялық фильмдер қазақ тілін үйренушілердің тілдік көзқарасын кеңейтіп, олардың сөйлеу, тыңдау дағдыларын нығайтуға көмектеседі. [4]

Заманауи білім беру технологиялары тіл үйрену барысында оқушылардың мотивациясын арттырып, олардың оқуға деген ынтасын күшейтеді. Жаңа тәсілдер мен технологияларды қолдану оқушылардың сөйлеу, жазу, оқу және тыңдау дағдыларын бірдей дамытады. Мысалы, жобалық әдіс, рөлдік ойындар, пікірталастар, сыни ойлау әдістері және интерактивті сабақтар оқушылардың белсенді қатысуын қамтамасыз етеді. Бұл әдістер оқушыларды тек сабаққа тартумен шектелмей, олардың шығармашылық және аналитикалық ойлау дағдыларын дамытады. Сонымен қатар, оқушыларды өздерінің тілдік дағдыларын бір–бірімен бөлісуге, өзара әрекет жасауға, тобымен жұмыс істеуге үйрететін командалық жобалар да қолданылуы мүмкін. Ақпараттық технологиялар мен интернет–ресурстар арқылы оқу процесі көрнекі әрі тиімді болады, бұл балалардың тілге деген қызығушылығын күшейтеді.

Қазақ тілін үйретуде мектеп пен отбасының бірігіп жұмыс істеуі – баланың тілдік дамуын қамтамасыз ету үшін өте маңызды қадам. Оқушылардың тілдік дағдылары мектепте ғана емес, үйде де үнемі дамып отыруы керек. Мектепте үйретілген білімнің нәтижелі болуы үшін ата–аналардың да қатысуы қажет. Мектеп пен отбасының тығыз байланысы баланың тілге деген сүйіспеншілігін арттырып, оның тілдік дағдыларын дамытуға оң әсер етеді. Ата–аналар балаларымен қазақ тілінде сөйлесу, кітап оқу, қазақ тілінде фильмдер көру, мәдени шараларға қатысу сияқты әрекеттер арқылы олардың тілге деген қызығушылығын оятады. Мектеп тарапынан ата–аналарға қазақ тілін үйретудің маңызды екенін түсіндіру, білім алу процесіне белсенді араласуды қамтамасыз ету өте маңызды. Бұл байланыс баланың сөйлеу қабілетін күшейтіп, қазақ тілінің қоғамдағы рөлін түсінуге көмектеседі.

Қазақ тілін оқыту процесінде жаңа технологиялар мен инновациялық әдістерді қолдану, мектеп пен отбасының бірлесе жұмыс істеуі баланың тілдік дамуы үшін үлкен мүмкіндіктер мен жаңа қадамдар ашады. Сонымен қатар, бұл тәсілдер біртұтас тәрбие жүйесін жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады, себебі олар оқушылардың тұлғалық дамуына ықпал етіп, оларды қоғамда белсенді азаматтар ретінде қалыптастырады.

Қазақ тілі пәні балалардың тілдік қабілеттерін дамытуда үлкен рөл атқарады. Бұл пән оқушыларға тек тілдің құрылымын меңгеруге ғана емес, сонымен қатар олардың сөйлеу, жазу, тыңдау және оқу дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді. Мектепте қазақ тілін оқыту барысында оқушылардың сөздік қорлары кеңейеді, грамматикалық құрылымдарды түсініп, оларды дұрыс қолдана алады. Әдеби шығармалар мен мәтіндерді талдау арқылы балалардың тілдік түсінігі артып, тілдің мән–мағынасын тереңірек түсінеді. Сондай–ақ, қазақ тілінде дұрыс сөйлеу, тілдің байлығы мен әсемдігін көрсету арқылы оқушылардың сөздік мәдениеті қалыптасады. Бұл дағдылар олардың болашақта қоғамдық өмірде өзін–өзі дұрыс жеткізе білуіне, пікір алмасуға, шығармашылық жұмыстарға қатысуға ықпал етеді.

Қазақ тілі пәні тәрбиелік аспектілердің тиімділігін арттыруда маңызды құрал болып табылады. Қазақ тілі арқылы балалар ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді, адамгершілік құндылықтарды, этикалық нормаларды үйренеді. Мысалы, қазақтың мақал–мәтелдері, аңыздары, ертегілері мен жырлары арқылы оқушылардың рухани дүниесі байиды, олардың ізгілікке, адалдыққа, жауапкершілікке деген көзқарастары

қалыптасады. Әдеби шығармалардағы кейіпкерлердің өмірі мен әрекеттері, олардың жақсы мен жамандықты айыруы балалардың адамгершілік қасиеттерін дамытуға көмектеседі. Тіл арқылы тәрбие беру оқушылардың жоғары моральдық деңгейге жетуіне және қоғамда өз орнын табуына ықпал етеді. Бұл аспектілер балалардың әлеуметтік бейімделуін жеңілдетіп, олардың тұлғалық қасиеттерін шыңдайды.[5]

Біртұтас тәрбие жүйесінің нәтижесінде оқушылар тек тілдік дағдыларды меңгеріп қана қоймай, олардың тұлғалық дамуы да дами түседі. Қазақ тілі пәні балаларға тек білім берумен шектелмей, олардың қоғамдық өмірге белсенді қатысуына мүмкіндік береді. Бұл пән балаларды өзара қарым–қатынас жасауға, ой–пікірлерін еркін білдіруге, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге үйретеді. Сонымен қатар, қазақ тілінде сөйлеу және жазу арқылы оқушылар өзіне деген сенімділік сезімін арттырады, жеке көзқарастарын еркін айтуға қабілетті болады. Оқушылардың тұлғалық дамуы қазақ тілін меңгеру арқылы жетіле түседі, себебі олар сөздік қорын пайдалана отырып, ойлау қабілеттерін жақсартып, әлемді тереңірек түсінеді. Бұл барлық қасиеттер оқушылардың қоғамға бейімделуіне, өз орны мен рөлін анықтауына және болашақта табысты азамат болуына ықпал етеді.

Қазақ тілі пәні арқылы жеткен жетістіктер мен нәтижелер тек тілдік қабілеттермен шектелмейді, сонымен қатар оқушылардың моральдық–этикалық құндылықтарын, тұлғалық қасиеттерін дамытуда маңызды рөл атқарады. Біртұтас тәрбие жүйесі оқушыларды жан–жақты дамытып, олардың болашақта әлеуметтік ортада бейімделуіне және өз қоғамында жауапты азамат болып өсуіне үлкен әсерін тигізеді.

Біртұтас тәрбие мен қазақ тілі пәні арасында тығыз байланыс бар, себебі қазақ тілі – тек тілдік дағдыларды меңгеру ғана емес, сонымен қатар ұлттық құндылықтарды, адамгершілік қасиеттерді және әлеуметтік тұрғыдан қалыптасуды қамтамасыз ететін маңызды құрал. Қазақ тілінің сабақтары арқылы балалар білім алады, ойлау қабілеттерін дамытады, қоғамда өз орнын табуға үйренеді. Біртұтас тәрбие жүйесі балаға тек қана білім емес, сонымен қатар тәрбие береді, оның жүріс–тұрысына, өзара қарым–қатынас жасауына, мәдениеттілік пен құрметке негізделген қасиеттерді қалыптастырады. Қазақ тілін үйрену арқылы балалар өзінің ұлттық мәдениетін танып, ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерге құрметпен қарауға үйренеді, бұл өз кезегінде біртұтас тәрбиенің негізін құрайды.Қазіргі білім беру жүйесінде қазақ тілінің тәрбиелік мүмкіндіктерін кеңінен пайдалану – оқушылардың жан–жақты дамуына ықпал ететін маңызды қадам. Бүгінгі таңда педагогика мен психология саласындағы жаңа әдіс–тәсілдер мен технологияларды қолдану арқылы қазақ тілін оқытудың тиімділігі артып келеді. Қазақ тілі пәні тек тілдік білім беру пәні ғана емес, сонымен қатар оқушылардың моральдық–этикалық құндылықтарын қалыптастыру, оларды қоғамдағы әлеуметтік рөлдерін дұрыс түсінуге, жеке тұлға ретінде өсуге бағыттайтын тәрбиелік құралға айналды. Қазақ тілі арқылы балалар тек сөзді емес, сонымен қатар рухани және әлеуметтік мазмұнды меңгереді, сондықтан оны тәрбиелік тұрғыда қолданудың мүмкіндіктері өте кең. Бұл – болашақта тәрбие мен білім берудің тиімділігін арттыруда үлкен рөл атқаратын фактор.Болашақта қазақ тілі пәні арқылы біртұтас тәрбие беру жүйесін дамыту бағыттары бірнеше маңызды аспектілерді қамтиды. Біріншіден, заманауи технологияларды тиімді пайдалану арқылы қазақ тілін оқытудың жаңа әдістері мен құралдарын енгізу қажет. Оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған сын тұрғысынан ойлау, жобалық жұмыстар мен шығармашылық тапсырмаларды енгізу тіл үйрену процесін тиімді етеді. Екіншіден, мектеп пен отбасының бірлескен жұмысы, ата–аналарды қазақ тілін үйрету процесіне тарту маңызды. Сонымен қатар, қазақ тілін оқытуда ұлттық құндылықтарды, салт–дәстүрлерді енгізу арқылы жас ұрпақты өз мәдениеті мен тарихын бағалауға тәрбиелеу қажет. Бұл, өз кезегінде,

оларды тек білімді азаматтар емес, ұлттық сана–сезімі жоғары тұлғалар ретінде тәрбиелеуге көмектеседі. Үшіншіден, болашақта қазақ тілі пәнін оқытудың әдістемесін жаңарту, мұғалімдердің біліктілігін арттыру, оқушылардың тілге деген қызығушылығын оятуға арналған жаңа тәсілдерді енгізу маңызды.

Қазақ тілі пәні арқылы біртұтас тәрбие беру жүйесін дамыту – еліміздің болашақ ұрпағын қалыптастырудағы маңызды қадам. Бұл жүйе оқушылардың жан–жақты дамуына, өз мәдениетін құрметтеп, жоғары моральдық құндылықтарға ие болуына ықпал етеді.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Ахметова С.К. Қазақ тілі мен әдебиеті оқулығын жаңарту: әдіс–тәсілдер мен жаңа технологиялар. – Алматы: Рауан, 2018. – 128 б.
2. Жұмабек Ә.Т. Қазақ тілі: теория мен практика. – Алматы: Қазақ университеті баспасы, 2019. – 220 б.
3. Құрманбай, М. Қазақ тілінің тәрбиелік аспектілері. – Астана: Фолиант, 2017. – 150 б.
4. Мұхамеджанова Ә. Б. Баланың тілдік дамуы мен тәрбиесі. – Алматы: Мектеп, 2020. – 180 б.
5. Оралбаева М. Н. Біртұтас тәрбие жүйесі: теориялық негіздер мен тәжірибелік әдістер. – Қарағанды: Болашақ–Баспа, 2021. – 256 б.

УДК 373.24

## ЭФФЕКТИВНЫЕ МЕТОДЫ И ПРАКТИКИ ВНЕДРЕНИЯ ПРОГРАММЫ «БІРТҰТАС ТӘРБИЕ» В ДОШКОЛЬНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ

**Алибекова Алина Гаджикурбановна**
воспитатель
КГКП»Ясли–сад №44»
г.Костанай, Казахстан

***Аннотация***

*В данной статье представлен опыт внедрения единой программы воспитания в старшей группе, основанный на эффективных методах и практиках, направленных на развитие ключевых компетенций у дошкольников. В старшей группе воспитательная работа становится особенно важной, так как дети готовятся к школе и вступают в новый этап развития. Внедрение программы «Біртұтас тәрбие»требует системного подхода, использования современных методик и учета индивидуальных особенностей каждого ребенка.*

***Ключевые слова:*** *национальные ценности, национальное воспитание, единство, традиции.*

***Аңдатпа***

*Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі құзыреттерін дамытуға бағытталған тиімді әдістер мен тәжірибелерге негізделген үлкен топта бірыңғай білім беру бағдарламасын енгізу тәжірибесі келтірілген. Үлкен топта тәрбие жұмысы ерекше маңызды болады, өйткені балалар мектепке дайындалып, дамудың жаңа кезеңіне өтеді. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын енгізу жүйелі тәсілді, заманауи әдістерді қолдануды және әр баланың жеке ерекшеліктерін ескеруді талап етеді.*

***Түйінді сөздер:*** *ұлтық құндылықтар, ұлтық тәрбие, бірлік, дәстүр.*

***Abstract***

*This article presents the experience of implementing a unified education program in the senior group, based on effective methods and practices aimed at developing key competencies in preschoolers. In the older group, educational work becomes especially important as children prepare for school and enter a new stage of development. The implementation of the BirtutasTarbieh program requires a systematic approach, the use of modern methods and consideration of the individual characteristics of each child.*

## ҚР БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫН ЕНГІЗУДІҢ ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕЛЕРІ

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ
2 СЕКЦИЯ

## ЛУЧШИЕ ПРАКТИКИ ВНЕДРЕНИЯ ЕДИНОЙ ПРОГРАММЫ ВОСПИТАНИЯ В ОРГАНИЗАЦИЯХ ОБРАЗОВАНИЯ РК


| | | |
|---|---|---|
| **Абдильманова Дина Салимовна** | Балабақшадағы балаларға эстетикалық тәрбие берудегі ұлттық өнердің маңыздылығы | **1051** |
| **Абдрахманова Майя Жетписбаевна** | Оценка прочитанной информации для развития аргументированного монолога через использование несплошных текстов | **1055** |
| **Абилькаримова Жанар Казикановна** | Роль образовательных кружков в реализации воспитательной стратегии начальной школы: методы, подходы и перспективы | **1060** |
| **Абсолямова Гульнара Владимировна, Елеусизова Гульнара Досумхановна** | Роль взаимодействия школы и семьи в системе реализации Программы целостного воспитания «Біртұтас тәрбие» | **1066** |
| **Алгалиева Гулжанат Султанкызы** | Біртұтас тәрбие –жаңа қадам, мүмкіндіктер мен жетістіктер | **1071** |
| **Алибекова Алина Гаджикурбановна** | Эффективные методы и практики внедрения программы «Біртұтас тәрбие» в дошкольной организации | **1076** |
| **Атоварова Юлия Анатольевна, Альмеева Елена Валерьевна** | «Мультимедийная журналистика» в современной школе: практика воспитания ключевых ценностей в рамках единой программы «Біртұтас тәрбие» | **1079** |
| **Ахметқали Гүлдана Серікқызы** | Единая программа воспитания и её адаптация для нужд детей с расстройством аутистического спектра в системе образования Республики Казахстан | **1084** |
| **Вертянкина Любовь Васильевна, Макаева Кристина Владимировна** | Погружение в языковую среда через использование на занятиях национальных игр | **1088** |
| **Герасимова Ольга Юрьевна** | Интеграция ценностно–ориентированных подходов единой программы воспитания «Біртұтас тәрбие» в развитие исследовательской инициативности младших школьников | **1091** |

**МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ**

**2 СЕКЦИЯ**


| | | |
|---|---|---|
| **Гималетдинова Умут Асыгатовна, Есенова Кинжекуль Омаровна** | Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында ұлттық құндылықтарды баулу аспектілері | **1096** |
| **Данченко Татьяна Владимировна, Жиенбаева Алёна Владимировна** | Развитие коммуникативных и творческих компетенций за счет применения на уроках цитат недели | **1100** |
| **Дильдибекова Гульнара Айсаевна, Койшина Айман Мухамеджановна** | Образовательный терренкур «Экотайм» как одно из условий развития экологических дошкольников | **1104** |
| **Досмаилова Светлана Султановна, Нургазина Айгерим Жумагазиевна** | Сабақта және сабақтан тыс уақытта тәрбиелеудің құндылықтарын жүзеге асыру негіздері | **1109** |
| **Едревская Людмила Валерьевна** | Воспитание активного читателя на примерах взаимосвязи литературных произведений как средство реализации Национального проекта «Балалар кітапханасы» | **1113** |
| **Елдос Анар Нұрлыбекқызы** | History of formation of official business style in the Kazakh language | **1117** |
| **Ерекин Айдын Муратович, Хамзина Күлшат Бақытжанқызы** | Біртұтас тәрбие бағдарламасы: жан –жақты тұла қалыптастырудың негізі | **1120** |
| **Еришова Асыл Аубакировна** | Ұлттық құндылықтарға негізделген білім мен тәрбиенің сабақтастығы | **1123** |
| **Есенова Эльмира Есмагуловна, Хусайнова Жузира Мусиновна** | Биология пәнінің тәлім –тәрбие берудегі рөлі | **1127** |
| **Жайворонко Ирина Алексеевна, Ткач Надежда Алексеевна** | Программа «БіртұтасТәрбие»: новые подходы и ценности воспитания в современной школе | **1130** |
| **Жандауова Шолпан Еркиновна, Братышева Мария Владимировна** | Использование информационных технологий на уроках математики как один из путей преодоления проблемы «клипового мышления» обучаемых | **1135** |
| **Жумаева Алтын Сагингалиевна, Сәлімжан Аңсағаным Сәлімжанқызы** | Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында біртұтас тәрбие бағдарламасы құндылықтарын енгізе оқытудың әдістері | **1141** |
| **Жунусова Гулбаршын Кабылжановна, Зарлыханова Алмагуль Адильбековна** | Жаңаша білім беру үрдісінде біртұтас тәрбиенің рөлі | **1145** |
| **Жунусова Марина Яковлевна** | Патриотическое воспитание в современной школе в рамках реализации программы «Біртұтас тәрбие» | **1151** |
| **Заманбекова Алия Заманбековна** | Білім беру ұйымдарындағы оқу–тәрбие үдерісінде құндылықтар жүйесін қалыптастыру жолдары | **1156** |

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

2 СЕКЦИЯ


| | | |
|---|---|---|
| **Злая Элина Владимировна, Жандауова Шолпан Еркиновна** | Umaigra – универсальный учебный ресурс, как средство формирования познавательного интереса к учебной деятельности | **1161** |
| **Ибатова Айгуль Куанышбаевна** | Роль куратора в адаптации студентов первого курса колледжа вконтексте реализации программы «Біртұтас тәрбие» | **1165** |
| **Иржанова Рыскуль Касымхановна** | Көркем еңбек – ұлттық  құндылықтың өзегі | **1168** |
| **Искакова Гульжан Сагиевна, Алпысбаева Назым Сартонкызы** | Мектеп оқушыларын рухани–адамгершілікке тәрбиелеу барысында ұлттық тәрбие негіздері | **1174** |
| **Исмагулова Эльвира Бахитбековна** | Совершенствование двигательной активности дошкольников, имеющие нарушения речи посредством введения в систему физического воспитания нейроигр | **1178** |
| **Кабылбекова Гульнара Саматовна, Картпаева Адина Армановна** | Біртұтас тәрбие бағдарламасы: ұлттық жаңа сананы ұлттық құндылықтар арқылы қалыптастыруға болады | **1183** |
| **Кадашева Шолпан Алпысбаевна, Щербаева Кундызай Сейткалиевна** | Біртұтас тәрбие балабақшадан басталады | **1186** |
| **Калиаскарова Индира Мияссаровна** | «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы: балаларға ұлттық құндылықтар негізінде білім беру мәселесі | **1190** |
| **Кашелюк Татьяна Ивановна** | Программа «Буртутас тарбие: педагогические находки и практическое применение» | **1193** |
| **Келинбердиева Ырсалды Сиехановна** | Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасындағы  ұлттық тәрбиенің жүзеге асуы | **1196** |
| **Клышбаев Серик Егинбаевич** | Кейкі батыр – дала күресінің дара тұлғасы | **1201** |
| **Коваленко Марина Викторовна** | Инклюзивные практики в контексте реализации Единой программы воспитания в организациях образования | **1204** |
| **Кункабаева Сарбинас Сериковна** | Методы развития внутренней мотивации учебной деятельности как фактор академической успешности старшеклассников | **1210** |
| **Кусаинова Мейрамгуль Маратовна, Жакиянова Жанна Калтаевна** | Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында біртұтас тәрбиені енгізу жолдары | **1214** |

**МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ**

**2 СЕКЦИЯ**


| | | |
|---|---|---|
| **Кушмурзина Даметкен Хажмухановна, Жусупова Инкар Алликовна** | Бастауыш сыныпта уақыт өлшем бірліктерін оқытудың білімдік, тәрбиелік және дамытушылық рөлі | **1220** |
| **Лекерова Любовь Маратовна, Жандауова Шолпан Еркиновна** | Ментальная арифметика как средство развития математической компетенции у учеников 1 класса | **1227** |
| **Майстренко Валерия Юрьевна** | Формирование ценностей воспитания среди детей и молодежи на уроках литературы в контексте программы «Біртұтас тәрбие» | **1231** |
| **Мальцева Татьяна Александровна** | Практика реализации программы воспитания в образовательных организациях высшей школы | **1235** |
| **Мамырканова Мендыгуль Сартаевна** | Роль исторического образования в формировании гражданской идентичности | **1239** |
| **Махмутова Мархаба Даулетжановна, Молдахметова Алия Досымбековна** | Исследование влияния метода триз на развитие креативного мышления учащихся 7 классов на уроках искусства | **1243** |
| **Маркина Зейнеп Бакитжановна** | Біртұтас тәрбиені негізге ала отырып Ыбырай Алтынсарин шығармаларын оқыту | **1249** |
| **Михалькова Людмила Васильевна** | Формирование творческих компетенций через вокальное исполнительство у детей дошкольного возраста | **1253** |
| **МолдашоваАйнагүл Баймұқанқызы, Калимжанова Роза Лаиковна** | Роль воспитательных программ в профилактике профессионального выгорания среди курсантов и сотрудников ОВД | **1256** |
| **Мукашева Альбина Бауржановна** | Интеграция ценностно –ориентированного образования в преподавание математики | **1262** |
| **Мурзабекова Келбет Бирмаганбетовна** | Ұлттық құндылықтарды дамыту: Ыбырай Алтынсарин әңгімелері арқылы жас ұрпақты тәрбиелеу | **1267** |
| **Мустафина Асель Сапарглиевна, Абдулина Айгуль Сапаргалиевна** | Идеи Ыбырая Алтынсарина в реализации программы «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» | **1270** |
| **Назарова Гулмира Куандыковна** | Тәрбие–біртұтас үдеріс | **1274** |
| **Нургазина Нургуль Отарбаевна, Тагаева Аружан Бауыржановна** | Білім беру жүйесіндегі балалар мен жастарды тәрбиелеудің құндылықтары | **1278** |
| **Нуркина Батима Ауезхановна, Нугуманова Нургуль Куанышбековна** | Білім беру саласында дара ұстаздың рөлі | **1281** |

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

2 СЕКЦИЯ


| | | |
|---|---|---|
| **Обиюх Мария Николаевна** | Эффективные методы реализации программы Біртұтас тәрбие в условиях современного детского сада | **1284** |
| **Осипова Бахиткуль Кайроллиевна** | Біртұтас тәрбие негізінде оқушылардың эмоционалдық саулығын қамтамасыз ету | **1288** |
| **Полешко Татьяна Анатольевна, Миллер Татьяна Витальевна** | Интеграция традиционных национальных ценностей в современные образовательные программы | **1292** |
| **Рахимова  Гизат Батыржановна** | Изучение биографии и творчества Ыбырая Алтынсарина как инструмент привития общечеловеческих и национальных ценностей в контексте единой программы воспитания | **1297** |
| **Редикульцева Юлия Владимировна, Бекмухамбетова Жанылдык Каирбековна** | Использование методов и приемов технологии кроссенс в развитии креативного мышления у детей старшего дошкольного возраста | **1301** |
| **Рогожина Татьяна Александровна, Ли Ляззат Абаевна** | Дебаты – фундамент интеллектуального развития личности | **1305** |
| **Сармурзина Алия Коныспаевна** | Опыт применения стратегий развития метакогнитивных навыков у старшеклассников | **1308** |
| **Сикун Людмила Николаевна** | Чат–ассистент GRT как инструмент планирования воспитательных мероприятий для детей с ООП в рамках программы «Біртұтас тәрбие» | **1313** |
| **Смирнова Анна Александровна, Земцова Наталья Анатольевна** | Интеграция программы «Біртұтас тәрбие» в образовательный процесс на уроках математики | **1317** |
| **Солоха Ирина Константиновна, Гавриляк Инна Михайловна** | Ценности воспитания как основа гармоничного развития детей в начальной школе | **1322** |
| **Тельгарина Айгуль Сарсеновна,** | Ценности воспитания детей и молодежи в системе образования Казахстана: опыт, проблемы и решения | **1327** |
| **Тлеулина Галия Жамалетдиновна** | Педагогический опыт по реализации программы «Біртұтас тәрбие» в условиях дошкольной организации на занятиях музыки | **1330** |

**МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ**

**2 СЕКЦИЯ**


| | | |
|---|---|---|
| **Умарова Бибигуль Ахметкалиевна, Хасенова Мадина Маратовна** | Ұлттық құндылықтар және оларды оқу үдерісіне интеграциялау | **1335** |
| **Упорова Екатерина Юрьевна** | Проектная деятельность как действенный способ формирования социальной ответственности студентов колледжей | **1339** |
| **Усенко Галина Васильевна** | Практика внедрения программы «Біртұтас тәрбие» через серию интерактивных интеллектуальных игр в образовательном пространстве школы | **1343** |
| **Успанова Айнура Оразбековна, Молдахметова Гульнар Муратовна** | Ұлттық ойын – ұлт болашағы | **1346** |
| **Фарафонова Наталья Николаевна** | Воспитательная работа в дошкольной организации на основе Единой программы воспитания | **1350** |
| **Фоменко Александра Сергеевна** | Практические аспекты формирования готовности педагогов к инклюзивному образованию | **1352** |
| **Хамзина Күлшат Бақытжанқызы, Ерекин Айдын Муратович** | Мектептегі тәрбие жұмысының ерекшеліктері | **1356** |
| **Шагатаев Салмагамбет Елеубаевич, Урумбаев Куаныш Дулатович** | «Lesson study» на уроках физической культуры | **1360** |
| **Шамекешева Светлана Петровна, Эмомова Лилия Тимуровна** | Воспитательный аспект современного урока русского языка и литературы в рамках программы «Біртүтас тәрбие» | **1365** |
| **Шудабаева Жанар Жумабаевна** | Развитие коммуникативных и творческих компетенций за счет применения на уроках цитат недели | **1370** |
| **Юркова Светлана Владимировна** | Значение кюя в музыкальном воспитании дошкольника | **1373** |